

2022-2023 оқу жылнда «Қылқалам» үйірмесінің жылдық жоспары бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар жасалды. Үйірмеге 20 оқушы қатынасты.

Үйірме жұмысы мектепшілік ұйымдастырылатын сыныптан тыс шаралардың кең тараған түрі. Үйірме жұмысын ұйымдастырудағы мақсат, сыныпта оқыту бағдарламасынан тыс қалған, көрініс таппаған қосымша материалдармен танысады. Олар: сурет және кескіндеме, анималистік жанр, аллаприма әдісі, автопортрет, аппликация, графика, гризайль, сәулет өнері, дизайн, мүсін өнері, зергерлік бұйымдар, интерьер, линогравюра тағы басқа техника, жанр түрлері.

Бейнелеу өнері қоршаған ортаны, табиғаттың әсемдігін, әдемілігін сезінуге үйретеді. Табиғаттағы жекелеген немесе болып жатқан құбылыстарды бақылап, олардың ерекшеліктерін көбірек және тереңірек ұғынуға жетелейді. Ал, бейнелеу өнері пәні сурет сала білу іскерліктерін, шығармашылық ойлау қабілеттерін шыңдауға жол ашады. Оқушылар «Сырлы бояу», «Алтын қазына», «Аналар – асыл жандар» т.б сурет байқауларына қатынасып жүлделі орындарға ие болды. «Алтын қазына» көрмесінен Сисимов Жантілек аудандық байқаудан 1 орын иеленіп, облыстан 1 орын алды. «Зерде» ғылыми жоба байқауынан Сисимов Жантілек 3 орын иеленді.

Үйірме жұмысының нәтижесі мен жетістігі ретінде тоқсан сайын немесе жарты жылдық, мектепшілік және жылжымалы көрмелер өткізу жоспарланады. Көрмелер ұйымдастыру бейнелеу өнерінің мектептегі эстетикалық тәрбие беру аясын кеңейтеді. Көрмеге қойылатын жұмыстар өңделіп, жылжымалы көрме ұйымдастыруда көршілес мектептермен келісе отырып, жүзеге асыруға болады.

